



«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы



Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде негізгі құндылықтарды атап өтті

*«Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу»
Қ.Тоқаев*

«Адал адам-Адал еңбек-Адал табыс» ұлттық құрылтайының үшінші отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев мемлекетті жаңғырту бастамаларын атап өтті. Мемлекет дамуының біртұтас көзқарасы және оған қол жеткізу үшін қоғамның күш-жігерін шоғырландыру белгіленді, сонымен бірге біздің еліміздің болашағының бейнесі **«Әділ Қазақстан – Жауапты азамат – Прогрессивті ұлт»** үштігінде көрініс табады. Триада идеясы қазіргі әлемнің сын-қатерлеріне дайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеуге арналған.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев өз сөзінде оларды тәрбиелеуге ерекше назар аударды, сондай-ақ ұлт бейнесін айқындайтын негізгі құндылықтарды айқындады:

- *Тәуелсіздік және отаншылдық;*
- *Бірлік және ынтымақ;*
- *Әділдік және жауапкершілік;*
- *Заң және тәртіп;*
- *Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;*
- *Жасампаздық және жаңашылдық.*

Бағдарламаны тәрбиелеудің **6 құндылығы** **«Әділдік – қағидат ретінде, жауапкершілік – негіз ретінде, прогресс – мақсат ретінде»** елді жаңғыртуды орнатуға негізделген.



Бағдарламаның мақсаты:



Рухани-адамгершілік қасиеттерді, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді, парасаттылық пен адалдықты дамыту арқылы қазақстандық мәдениеттің құндылықтары негізінде білім алушының үйлесімді дамыған тұлғасын қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдықты, әділдікті, мейірімділікті, қамқорлықты және басқа да адамгершілік қасиеттерді дамыту;
- білім беру ортасында қолайлы психологиялық-педагогикалық климат құру;
- отбасын тәрбие процесіне тарту.

*Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрінеді.
Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды:*

Қыркүйек - ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

Қазан - ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

Қараша - ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

Желтоқсан - БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

Қаңтар - ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

Ақпан - ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ

Наурыз - ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

Сәуір - ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

Мамыр - БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

Маусым - ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ

Шілде - ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

Тамыз - ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

Әр айдың іс-шаралары:

Күнделікті:

- **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- **«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- **«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу
- **«Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау

Апта сайын:

- **«Менің Қазақстаным»** - оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды
- **«Апта дәйексөздері»** – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
- **«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.

Жыл сайын:

- «ДосболLIKE» – қорқытудың/буллингтің алдын алу және оған тиімді қарсы тұру үшін жағдай жасау жөнінде акция өткізу.
- «Әншуақ» – білім алушылар арасында қазақ тілінде әндерді дәріптеуге бағытталған балалар фестивалін өткізу.
- «Ақындар айтысы» – Республика күнін мерекелеу қарсаңында жас ақындардың жарыстарын өткізу.
- **Пікірталас турнирлері** – қоғамда орын алатын проблемаларды талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру үшін пікірталас ойындарын өткізу.
- **Мектеп парламентінің Президентін сайлау**– қазан айының үшінші сенбісі



Әлеуметтік жобалар:



- «**Қамқор**» – Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «**Еңбегі адал – жас өрен**» – Білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «**Шабыт**» – Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «**Ұшқыр ой алаңы**» – Тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «**Smart bala**» – Инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «**Балалар кітапханасы**» – Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.

* Білім беру ұйымдары білім алушылардың жасына және қажеттіліктеріне, өңірлік ерекшеліктеріне, сондай-ақ білім беру ұйымының бейіні мен түріне қарай жобаларды дербес таңдай алады

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының қызметін ұйымдастыру

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары мектептің ата-аналармен балаларды оқыту және тәрбиелеу, ата-аналарда жағымды мәдениетті дамыту мәселелері бойынша өзара іс-қимылын күшейту мақсатында ұйымдастырылады. Ата-аналарды педагогикалық қолдаудың міндеттері:

- балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін позитивті ата-ана мәдениетін, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамыту үшін ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;
- ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту және бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге тарту (құндылықтарды бірлесіп талқылау, балалардың дамуы мен әл-ауқаты үшін бірлескен шешімдер қабылдау);
- білім алушының даму динамикасын қадағалау және сапалы кері байланыс беру үшін жаңа форматтағы ата-аналар жиналыстарын (білім алушылармен бірлесіп жеке және топтық консультациялар, педагогикалық консилиумдар, тренингтер, семинарлар, ашық есік күндері, ата-аналар конференциялары, педагогикалық қонақ бөлмелері) өткізу;
- ата-аналардың педагогикалық мәдениетін тәрбиелеудің өзекті тақырыптары бойынша бірлескен іс-шараларды, ата-аналардың дәрістерін ұйымдастыру және жасөспірім-білім алушылармен өзара іс-қимыл жасау арқылы арттыру;
- ата-аналарға педагогикалық қолдауды сынып жетекшілері, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтар, қосымша білім беру педагогтары жүзеге асырады;